3) бюджетті инвестициялық жоба – жаңа объектілерді құру (салу) не қолда барларын реконструкциялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді іске асыруға арналған ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін қоспағанда; ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту үшін бағытталған, бюджет қаражаты есебінен тікелей бюджеттік бағдарлама әкімшісі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іске асыратын және аяқталған сипаты бар, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекция белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іске асыратын және аяқталған сипаты бар іс-шаралар жиынтығы;

4) ғимараттар мен имараттарға күрделі жөндеу – ғимараттар мен имараттардың ресурстарын қажет болған жағдайда инженерлік жабдықтың құраушы элементтері және жүйелерімен ауыстыра отырып қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында оларды жөндеуге жұмсалған шығындар;

5) жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру мақсаты бойынша пайдалануға дайын және белгіленген тәртіпте құжатпен ресімделген дайын өнімнің құнын қамтиды;

6) жергілікті бюджет қаражаты – бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жергілікті бюджеттен бөлінетін ақша қаражаттары;

7) жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табынды қалыптастыруға шығындар – жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды ересек малды шетелден жеткізу шығыстарын қоса алғанда сатып алуға кеткен шығындар, сондай-ақ өнім беретін және жұмысқа жегілетін мал негізгі табынға қосылатын төлдерін шаруашылықта өсіру бойынша шығындар. Жануарлар, бордақылап союға, үй құстарын қосқанда, негізгі қорға жатпайды;

8) компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын құруға және сатып алуға шығындар жеке пайдалану үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын әзірлеу, өрістету және конфигурациялаумен байланысты шығындары, сонымен қоса лицензиат (лицензияны алушы) меншіктен туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы қабылдайтын өндірісте бір жылдан аса уақытқа (ұзақ мерзімді пайдалану) пайдалану лицензиясы негізінде ұсынылған бағдарламалық қамтамасыз ету көшірмелерін сатып алу;

9) көпайлық дақылдарды отырғызу және өсіру бойынша шығындар – тұрақты негізде өнім беретін, табиғи өсуі мен көбеюі шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей бақылауындағы, жауапкершілігі мен басқаруындағы жеміс-жидек екпелерін өсіруге жұмсалған шығындар;

10) негізгі капиталға салынған, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар – қоршаған ортаны сақтауға және қалпына келтіруге, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға кері әсерін болдырмауға бағытталған негізгі құралдарды сатып алуға қаржы шығындары;

11) құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар – тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен имараттарды салу, кеңейту, объектілерді реконструкциялау, технологиялық жабдықтарды монтаждау жұмыстарына кеткен шығындар;

12) машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын, құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар – көлік құралдары, жабдықтар, компьютер, жиһаздар, құрал-саймандарды сатып алу шығындары (соның ішінде қаржылық лизинг және импорт);

13) меншікті қаражат – кәсіпорындар, ұйымдар, халықтың қаражаты, соның ішінде негізгі капиталға инвестициялауға бағытталған ұйымның жарғылық капиталына құрылтайшылардың шығындары;

14) негізгі капиталға салынған инвестициялар – инвесторлардың жаңа құрылысқа, реконструкциялауға кеңейтуге, сондай-ақ объектінің бастапқы құнының көбеюіне әкелетін объектілерді қайта құру мен жаңартуға, машина, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға бағытталған экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді алу мақсатында қаражаттарды салуы;

15) объект құрылысымен байланысты машиналар, жабдықтар, құрал-саймандарды сатып алу шығындары – объектінің құрылысымен байланысты құрылыстың сметаларында көзделген машиналарды, жабдықтарды, құралдарды сатып алу шығындары;

16) материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар жобалау – іздестіру жұмыстарының шығындары, құрылыс үшін жер учаскелерін бөлу шығындары, авторлық қадағалау, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстау және объектіні пайдалануға беру кезінде ғимараттың (құрылыстың) түгендеу құнына енгізілетін соған ұқсас шығындар, сондай-ақ

шаруашылық қызметте бір жылдан аса пайдаланылатын, материалдық-заттай нысандары жоқ, иеліктен шығару қабілеті бар және кіріс әкелетін, ақшалай қаражаты бар, құрылған және сатып алынған объектілерге шығындар жатады;

17) материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар – кітапханалардың, ғылыми-техникалық ақпараттың мамандырылған ұйымдарының, архивтердің және басқа да ұқсас мекемелердің қорларын сатып алуға жұмсалған шығындар және алдыңғы топтарға кірмеген басқа да шығындар;

18) пайдалы қазбаларды барлау мен бағалауға кеткен шығындар – мұнай қорын және табиғи газды, басқа да пайдалы қазбалардың қорларын барлауға және барланған кен орындарын бұдан әрі бағалау жұмыстарына кеткен шығындардың жиынтығы;

19) резидент еместердің басқа да қарыз қаражаттары — резидент емес заңды және жеке тұлғалардан, шетелдік банктік емес мекемелерден алатын қарыздар есебінен жүзеге асырылатын инвестициялар;

20) республикалық бюджет қаражаты – ақшалай қаражат, бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат;

21) табиғатты қорғау қызметінің басқа бағыттарына бағытталған негізгі капиталға салынған инвестициялар – жаңартылатын энергия көздері, энергия үнемдеу технологиялары және энергия тиімділігін арттыру саласындағы, сондай-ақ өзге де топтарға қосылмаған табиғатты қорғау қызметіне бағытталған инвестициялар;

22) тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар – жеке және көп-пәтерлі тұрғын үйлер, жатақханалар, әлеуметтік топтарға арналған тұрғын ғимараттар құрылысы шығындары;

23) шетелдік банктер – шет мемлекеттер заңнамасына сәйкес құрылған және өздері тіркелген мемлекеттің заңнамасы негізінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс банктік қызметті жүзеге асыратын банктер және өзге де қаржы институттары;

24) энергия үнемдеу технологияларына және энергия тиімділігін арттыруға инвестициялар – энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жабдықтар мен технологияларды сатып алу шығындары, сонымен қатар энергетикалық ресурстарды пайдаланудың техникалық мүмкін және экономикалық ақталған деңгейіне қол жеткізуге шығындар;

25) ақпараттық, компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу шығындарына, ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылымға жататын ақпараттық жабдықты; компьютерлік жабдықты (есептеуіш техника) және ұйымдық техниканы; телекоммуникациялық жабдықты сатып алу шығындары жатады.

3. Егер заңды тұлғалар өздерінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелеріне статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктерді берген болса, олар статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерде мұндай өкілеттіктер болмаса, заңды тұлғалар статистикалық нысанды өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері

бөлінісінде олардың орналасқан жерін көрсете отырып, сондай-ақ осы бөлімшелерді қоспай заңды тұлға бойынша ұсынады.

Екі және одан да көп өңір аумағында инвестициялауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер (тапсырыс берушілер) әрбір аумақ бойынша ақпаратты жеке бланкіде жеке статистикалық нысанда бөлек көрсетумен статистикалық нысанды тапсырады, яғни деректер инвестициялау орны бойынша көрсетіледі.

Егер инвестициялық жобаларды іске асыруды (ғимараттар мен құрылыстар салу, объектілерді реконструкциялауды) инвестор (немесе инвесторлар тобы) осындай құқық берген тапсырыс беруші жүзеге асырса, онда мұндай инвестициялар бойынша деректерді тапсырыс беруші ұсынады. Объектілерді салу бойынша тапсырыс беруші болып табылмайтын инвестор көрсетілген объектілерге инвестициялар бойынша деректерді нысанға енгізбейді.

Негізгі капиталға салынған инвестицияларға ғимараттар, имараттар, машина, жабдық, көлік құралдарын, сондай-ақ бұрын басқа заңды және жеке тұлғаларда пайдалануда болған объектілер (оның ішінде тұрғын үй қорындағы пәтерлерді сатып алу, құрылыс салушылардан сатып алынған жаңадан салынған негізгі құралдар объектілерін сатып алу), құрылысы аяқталмаған объектілерді, кәсіпорындар мен ұйымдардың ағымдағы шығыстары, мемлекеттік мекемелерді ұстауға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін шығыстар жатпайды.

4. Статистикалық нысанда деректер ондық таңбаларсыз мың теңгемен (оларды жүзеге асыру сәтінде қолданыста болған нақты бағаларда) және қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

Шетел валютасында жүргізілген инвестициялық салымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәміле жасалған күнгі деректері бойынша валюталардың ресми (нарықтық) бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

Статистикалық нысанды толтыру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4771 болып тіркелген) Бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспарының "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінің деректері пайдаланылады. Бұл ретте, 2910 "Берілген ұзақ мерзімді аванстар", 2920 "Алдағы кезеңдегі шығыстар", 2930 "Аяқталмаған құрылыс" шоттарының деректерін көрсету бухгалтерлік есеп жүргізілетін бастапқы бухгалтерлік құжаттар негізінде заңды тұлғаның есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады, яғни, кәсіпорын өз шығыстарының инвестицияларға қатысы бар-жоғын дербес анықтайды.

Егер мемлекеттік мекемелер жүргізген шығындар Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының "негізгі құралдары" шоттары бойынша көрсетілсе, мемлекеттік мекемелер есеп береді.

Құрылыс және жобалау-іздігіру жұмыстарына жұмсалған шығындар нақты орындалған көлемде (олардың төлену сәтіне қарамастан) тапсырыс беруші мен жұмысты орындаушы ұйым қол қойған орындалған жұмыстардың (шығындардың) құны туралы құжат (анықтама) негізінде қосылады. Құрылыс жұмыстарының шығындарына сондай-ақ есепті кезеңде құрылыс ұйымы жұмыстарды орындау кезінде пайдаланған, бірақ тапсырыс беруші мен мердігер (жұмысты орындаушы) қол қойған орындалған жұмыстардың құны туралы анықтамада көрсетілмеген тапсырыс берушінің материалдарының құны да қосылады. Құрылыс мердігерлігі шарттары бойынша орындалған жұмыстар көлемі туралы деректерді есептілікте көрсету негізі тапсырыс беруші мен мердігер қол қойған орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы құжат (анықтама) болып табылады.

Ғимараттар мен имараттарды, машиналарды, жабдықтарды күрделі жөндеуге кеткен шығындар тек шығындар жөндеу объектісінің бастапқы құнын арттырған жағдайда ғана көрсетіледі.

Қаржы лизингі жағдайында лизинг алушының бастапқы статистикалық деректеріне, егер шартта лизинг нысанасын сатып алу шарты көзделген болса, активтің экономикалық меншік иесі ретінде лизинг алушының балансында есепке алынатын лизинг мүліктің құны енгізіледі.

2-бөлімде:

1.2.3-жол бойынша жеке пайдаланатын көлік құралдарын қоспағанда (жеңіл, жүк таситын, теміржол, әуедегі және су көлігі) көлік құралдарын сатып алуға шығындар көрсетіледі;

2.1-жол бойынша компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын құруға және сатып алуға шығындарды көрсеткен кезде жеке пайдалану үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын әзірлеу, өрістету және конфигурациялаумен байланысты шығындары ескеріледі, яғни, егер лицензиат көшірменің экономикалық иесі болып, меншіктен туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы өзіне алса (тиісті келісімшарт жасасумен). Қысқа мерзімді қолдануға лицензиясы бар дайын компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға кеткен шығындар, яғни бағдарламаның даналарын тек оны пайдалануға құқығын сатып алумен күрделі сипаттағы шығындар болып қарастырылмайды, өйткені материалдық емес актив құруға әкелмейді және инвестициялық салым болып табылмайды.

2-бөлімде 2-жолдың деректері 1-жолдан бөлініп көрсетіледі.

2, 3-бөлімдерде негізгі капиталға салынған инвестициялар және негізгі құралдарды пайдалануға беру өздері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес бағытталған экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлінеді. Осы ақпарат бөлімдердің бос жолдарында көрсетіледі.

2, 3-бөлімдерде 3 және 5-бағандарда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберіндегі шығындар көрсетіледі.

4-бөлімде 1.9.1-жол жаңартылатын энергия көздеріне салынған инвестициялар - бұл табиғи жаратылыс процестер есебінен үздіксіз жаңартылатын энергияны көздері: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, қуаты отыз бес мегаватқа дейінгі қондырғыларға арналған гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жер асты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын энергияны алуға шығындарды қамтиды.

5. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

6. Ескертпе: X – аталған позиция толтыруға жатпайды.

7. Арифметикалық-логикалық бақылау.

1) 2-бөлім:

1-баған = әрбір жол үшін 2, 4, 6, 7, 9 -бағандардың S;

1-жол = 1 және 2 кодтармен толтырылған жолдардың S әрбір баған үшін пайдалану бағыттары бойынша барлық экономикалық қызмет түріне жатады;

1.1-жол барлық экономикалық қызмет түріне = 1.1.1 және 1.1.2-жолдардың S әрбір баған үшін;

1.1.1-жол барлық экономикалық қызмет түріне = 1.1.1.1-1.1.1.3- жолдардың S әрбір баған үшін;

1.2-жол барлық экономикалық қызмет түріне = 1.2.1-1.2.9- жолдардың S әрбір баған үшін;

2 коды бар жолы барлық экономикалық қызмет түріне = 2.1-2.9-жолдардың S әрбір баған үшін;

2.1-жол барлық экономикалық қызмет түріне = 2.1.1-2.1.2 жолдардың S әрбір баған үшін;

2.9-жол барлық экономикалық қызмет түріне $\geq$ 2.9.1-бағанға әр бір жол үшін;

2.9.1-жол барлық экономикалық қызмет түріне $\geq$ 2.9.1.1-бағанға әр бір жол үшін;
68.10.1 қызмет түрі бойынша деректер $\geq$ 2-жолынан; 1-жол $\geq$ 2-жолдан әрбір баған үшін.

2) 3-бөлім:

1-баған = 2, 4, 6, 7, 9-бағандардың S әрбір жол үшін;

1-жол = пайдалану бағыттары бойынша толтырылған жолдар S әрбір баған үшін.

3) 4-бөлім:

1-баған = 2-5, 7-бағандардың S әрбір жол үшін;

1-жол = 1.1.-1.9-бағандардың S әрбір жол үшін; 1.1 жол $\geq$ баған 1.1.1 әр бағанға;

1.9-жол $\geq$ 1.9.1-1.9.2-жолдардың S әр бір баған үшін;

4) 2, 3-бөлімдерінде:

2-баған деректері $\geq$ 3-бағаннан әрбір жол үшін;

4-баған деректері $\geq$ 5-бағаннан әрбір жол үшін;

7-баған деректері $\geq$ 8-бағаннан әрбір жол үшін;

9-баған деректері $\geq$ 10-бағаннан әрбір жол үшін.

5) жылы бөліме 4:

деректер бағандар 5 $\geq$ бағандар 6 үшін әрбір жолдар;

деректер бағандар 7 $\geq$ бағандар 8 үшін әрбір жолдар.

6) бақылау арасында бөлімдермен:

бағандар 1, 2, 4, 6, 7, 8, 9, 10 жолдар 1 бөлімнің 2 $\geq$ бағандар 1-8 жолдар 1 бөлімнің 4 (тиісінше).

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 11 маусымдағы

№ 16 Бұйрыққа
5-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық экономика

министрлігінің

Статистика

комитеті төрағасының

2020 жылғы "4"

ақпандағы

№ 16 бұйрығына

5-қосымша



Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына
кепілдік береді

Конфиденциальность гарантируется органами
государственной статистики

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың
статистикалық нысаны

Статистическая форма общегосударственного
статистического наблюдения

Шаруа немесе фермер қожалықтарының негізгі капиталына салынған инвестициялар туралы есеп
Отчет об инвестициях в основной капитал крестьянских или фермерских хозяйств

Индекс
Индекс
Индекс

1- КФХ инвест

Тоқсан
анды ті
қ кезең
Квар Отче
таль тный
ная пери
од

Тоқсан
Квартал

жыл
год

Шаруа, фермер қожалықтары жеке кәсіпкерлік және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы жеке кәсіпкерлік нысанында ұсынады.

Представляют крестьянские, фермерские хозяйства в форме индивидуального предпринимательства и индивидуального предпринимательства в форме совместного предпринимательства.

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 2-күнге (қоса алғанда) дейін

Срок представления – до 2 числа (включительно) после отчетного периода

БСН коды

код БИН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

1. Инвестиция салынған өңірді көрсетіңіз (кәсіпорынның тіркелген жеріне қарамастан) - облыс, қала, аудан, елді мекен
- Укажите регион вложения инвестиций (независимо от места регистрации предприятия) - область, город, район, населенный пункт

--

- 1.1. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (статистикалық нысанды қағаз тасығышта тапсыру кезінде статистика органының қызметкерлері толтырады)
- Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

--

2. Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін көрсетіңіз, мың теңгеде

Укажите объем инвестиций в основной капитал по направлениям использования, в тысячах тенге

Жол коды Код строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	ЭҚЖЖ коды Код ОКЭД 1	Негізгі капиталға салынған инвестициялар и в основной капитал	Соның ішінде: В том числе:				
				меншікті қаражат собственные средства	банктердің кредиттері кредиты банков		басқа да қарыз қаражаты другие заемные средства	
					барлығы всего	оның ішінде шетелдік банктерден из них иностранных банков	барлығы всего	оның ішінде резидент еместер из них нерезидентов
А	Б	В	1	2	3	4	5	6
1	Барлығы Всего	Х						

	соның ішінде шығындар пайдалану бағыттары бойынша: в том числе затраты по направлению использования: ²	X	X	X	X	X	X	X
2	1-жолдан тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар Из строки 1 инвестиция в жилищное строительство	X						
3	1-жолдан қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі капиталға салынған инвестициялар Из строки 1 инвестиция в основной капитал, направленные на охрану окружающей среды	X						

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы

Мекенжайы (респонденттің)

Наименование _____ Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің) _____

Телефон (респондента) _____ стационарлық _____ ұялы _____

стационарный _____ мобильный _____

Электрондық почта мекенжайы (респонденттің) _____

Адрес электронной почты (респондента)

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ қолы, телефоны _____

фамилия, имя и отчество (при его наличии) _____ подпись, телефон _____

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ қолы _____

фамилия, имя и отчество (при его наличии) _____ подпись _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ қолы _____

фамилия, имя и отчество (при его наличии) _____ подпись _____

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях".

"Шаруа немесе фермер
кожалықтарының негізгі

капиталына салынған
инвестициялар туралы есеп"
(индексі 1- КФХ инвест,
кезеңділігі тоқсандық)
жалпы мемлекеттік
статистикалық байқаудың
статистикалық нысанына
қосымша

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлеміндегі шығындар түрлері Виды затрат в
объеме инвестиций в основной капитал

Айқындама коды Код позиции	Айқындама атауы	Наименование позиции
0	Барлығы	Всего
	соның ішінде:	в том числе:
1	Материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар	Инвестиции в материальный основной капитал
	соның ішінде:	в том числе:
1.1	ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар	з а т р а т ы н а работы по строительству и капиталь ному ремонту зданий и сооружений
	соның ішінде:	в том числе:
1.1.1	ғимараттар мен имараттардың құрылыс-монтаж жұмыстарына кеткен шығындар	з а т р а т ы н а строительно-монтажные работы зданий и сооружений
	соның ішінде:	в том числе:
1.1.1.1	тұрғын ғимараттарды салу бойынша жұмыстарға кеткен шығындар	затраты на работы по строительству жилых зданий
1.1.1.2	тұрғын емес ғимараттарды салу бойынша жұмыстарға кеткен шығындар	затраты на работы по строительству нежилых зданий
1.1.1.3	имараттарды салу бойынша жұмыстарға кеткен шығындар	затраты на работы по строительству сооружений
1.1.2	ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар	затраты на капитальный ремонт зданий и сооружений
1.2	машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындар	затраты на приобретение машин, оборудования и транспортных средств
	соның ішінде:	в том числе:
1.2.1	объект құрылысы мен байланысты машиналарды, жабдықтарды және құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар	затраты на приобретение машин, оборудования и инструмента, связанных со строительством объекта

1.2.2	акпараттық, коммуникациялық және телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындар	затраты на приобретение информационного, коммуникационного и телекоммуникационного оборудования
1.2.3	көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындар	затраты на приобретение транспортных средств
1.2.9	өзге де машиналарды және жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындар	затраты на приобретение прочих машини оборудования
1.3	машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын күрделі жөндеуге кеткен шығындар	затраты на капитальный ремонт машин, оборудования, транспортных средств
1.4	көп айлық дақылдарды отырғызу және өсіру бойынша шығындар	затраты по насаждению и выращиванию многолетних культур
1.5	Жұмыс қажегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табынды қалыптастыруға шығындар	затраты на формирование рабочего, продуктивного и племенного стада
1.9	материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін дегі өзге де шығындар	прочие затраты в объеме инвестиций в материальный основной капитал
2	Материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар	Инвестиции в нематериальный основной капитал
	соның ішінде:	в том числе:
2.1	компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету және деректер базаларын құруға және сатып алуға кеткен шығындар	затраты на создание и приобретение компьютерного программного обеспечения и баз данных
	оның ішінде:	из них:
2.1.1	компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді құруға және сатып алуға кеткен шығындар	затраты на создание и приобретение компьютерного программного обеспечения
2.1.2	деректер базаларын құруға шығындар	затраты на создание баз данных
2.2	пайдалы қазбалар қорларын барлауға және бағалауға шығындар	затраты на разведку и оценку запасов полезных ископаемых
2.9	материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар	прочие затраты в объеме инвестиций в нематериальный основной капитал
	оның ішінде:	из них:

2.9.1	объектінің құрылысына байланысты өзге де шығындар	прочие затраты, связанные со строительством объекта
	оның ішінде:	из них:
2.9.1.1	құрылысқа арналған жобалау-іздіріу жұмыстарына кеткен шығындар	з а т р а т ы н а проектно-изыскательские работы для строительства

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 11 маусымдағы
№ 16 Бұйрыққа
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
6-қосымша

"Шаруа немесе фермер қожалықтарының негізгі капиталына салынған инвестициялар туралы есеп" (индексі 1–КФХ инвест, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Шаруа немесе фермер қожалықтарының негізгі капиталына салынған инвестициялар туралы есеп" (индексі 1-КФХ инвест, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) банктердің кредиттері – бұл қарыз алушының қаржы қаражатына деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін банк беретін ақшалай қаражаттар;

2) басқа қарыз қаражаты – шаруашылық жүргізуші субъектіге тиесілі емес, бірақ оның иелігінде уақытша болатын және оның өзінікі мен бірдей пайдаланылатын ақша қаражаттары, оларға (банк кредиттерінен басқа) басқа заңды және жеке тұлғалардың қарыздары, отандық және шетелдік банктік емес мекемелер (микрокредиттік ұйымдар), резидент емес заңды және жеке тұлғалар беретін қарыздармен гранттар жатады;

3) ғимараттар мен имараттарға күрделі жөндеу – ғимараттар мен имараттардың ресурстарын қажет болған жағдайда инженерлік жабдықтың құраушы элементтері және жүйелерімен ауыстыра отырып қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында оларды жөндеуге жұмсалған шығындар;

4) жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру мақсаты бойынша пайдалануға дайын және белгіленген тәртіпте құжатпен ресімделген дайын өнімнің құнын қамтиды;

5) жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табынды қалыптастыруға шығындар – жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды ересек малды шетелден жеткізу шығыстарын қоса алғанда сатып алуға кеткен шығындар, сондай-ақ өнім беретін және жұмысқа жегілетін мал негізгі табынға қосылатын төлдерін шаруашылықта өсіру бойынша шығындар. Жануарлар, бордақылап союға, үй құстарын қосқанда, негізгі қорға жатпайды;

6) көпайлық дақылдарды отырғызу және өсіру бойынша шығындар – тұрақты негізде өнім беретін, табиғи өсуі мен көбеюі шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей бақылауындағы, жауапкершілігі мен басқаруындағы жеміс-жидек екпелерін өсіруге жұмсалған шығындар;

7) құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар – тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен имараттарды салу, кеңейту, объектілерді реконструкциялау, технологиялық жабдықтарды монтаждау жұмыстарына кеткен шығындар;

8) машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын, құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар – көлік құралдары, жабдықтар, компьютер, жиһаздар, құрал-саймандарды сатып алу шығындары (соның ішінде қаржылық лизинг және импорт);

9) меншікті қаражат – кәсіпорындар, ұйымдар, халықтың қаражаты, соның ішінде негізгі капиталға инвестициялауға бағытталған ұйымның жарғылық капиталына құрылтайшылардың шығындары;

10) негізгі капиталға салынған инвестициялар – инвесторлардың жаңа құрылысқа, реконструкциялауға кеңейтуге, сондай-ақ объектінің бастапқы құнының көбеюіне әкелетін объектілерді қайта құру мен жаңартуға, машина, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға бағытталған экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді алу мақсатында қаражаттарды салуы;

11) объект құрылысымен байланысты машиналар, жабдықтар, құрал-саймандарды сатып алу шығындары – объектінің құрылысымен байланысты құрылыстың сметаларында көзделген машиналарды, жабдықтарды, құралдарды сатып алу шығындары;

12) материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар жобалау – іздестіру жұмыстарының шығындары, құрылыс үшін жер учаскелерін бөлу шығындары, авторлық қадағалау, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстау және объектіні пайдалануға беру кезінде ғимараттың (құрылыстың) түгендеу құнына енгізілетін соған ұқсас шығындар, сондай-ақ шаруашылық қызметте бір жылдан аса пайдаланылатын, материалдық-заттай нысандары жоқ, иеліктен шығару қабілеті бар және кіріс әкелетін, ақшалай қаражаты бар, құрылған және сатып алынған объектілерге шығындар жатады;

13) материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар – кітапханалардың, ғылыми-техникалық ақпараттың мамандырылған ұйымдарының, архивтердің және басқа да ұқсас мекемелердің қорларын сатып алуға жұмсалған шығындар және алдыңғы топтарға кірмеген басқа да шығындар;

14) резидент емес еместердің басқа да қарыз қаражаттары — резидент емес заңды және жеке тұлғалардан, шетелдік банктік емес мекемелерден алатын қарыздар есебінен жүзеге асырылатын инвестициялар;

15) тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар—жеке және көп-пәтерлі тұрғын үйлер, жатақханалар, әлеуметтік топтарға арналған тұрғынғ имараттар құрылысышығындары;

16) шетелдік банктер – шет мемлекеттер заңнамасына сәйкес құрылған және өздері тіркелген мемлекеттің заңнамасы негізінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс банктік қызметті жүзеге асыратын банктер және өзге де қаржы институттары;

17) тұлғалардың дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы (бұдан әрі – ШФҚ) деп танылады.

Шаруа немесе фермер қожалығы:

1) кәсіпкерлік қызмет ортақ бірлескен меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы;

2) өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығы.

3. Статистикалық нысанды шаруа, дара кәсіпкерлік және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлік нысанындағы фермер қожалықтары тапсырады.

Негізгі капиталға салынған инвестицияларға ғимараттар, имараттар, машина, жабдық, көлік құралдарын, сондай-ақ бұрын басқа заңды және жеке тұлғаларда пайдалануда болған объектілер (оның ішінде тұрғын үй қорындағы пәтерлерді сатып алу, құрылыс салушылардан сатып алынған жаңадан салынған негізгі құралдар объектілерін сатып алу), құрылысы аяқталмаған объектілерді, кәсіпорындар мен ұйымдардың ағымдағы шығыстары, мемлекеттік мекемелерді ұстауға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін шығыстар жатпайды.

4. Статистикалық нысанда деректер ондық таңбаларсыз мың теңгемен (оларды жүзеге асыру сәтінде қолданыста болған нақты бағаларда) және қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

Шетел валютасында жүргізілген инвестициялық салымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәміле жасалған күнгі деректері бойынша валюталардың ресми (нарықтық) бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

Қаржы лизингі жағдайында лизинг алушының бастапқы статистикалық деректеріне, егер шартта лизинг нысанасын сатып алу шарты көзделген болса, активтің

экономикалық меншік иесі ретінде лизинг алушының балансында есепке алынатын лизинг мүліктің құны енгізіледі.

Ғимараттар мен имараттарды, машиналарды, жабдықтарды күрделі жөндеуге кеткен шығындар тек шығындар жөндеу объектісінің бастапқы құнын өсірген жағдайда ғана көрсетіледі.

Инвестициялық субсидиялар негізгі капиталға салынған инвестицияларға жатпайды және статистикалық нысанда көрсетілмейді.

2-бөлімде

1.2.3-жол бойынша жеке пайдаланатын көлік құралдарын қоспағанда (жеңіл, жүк таситын, теміржол, әуедегі және су көлігі) көлік құралдарын сатып алуға шығындар көрсетіледі;

2.1-жол бойынша компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын құруға және сатып алуға шығындарды көрсеткен кезде жеке пайдалану үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын әзірлеу, өрістету және конфигурациялаумен байланысты шығындары ескеріледі. Қысқа мерзімді қолдануға лицензиясы бар дайын компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға кеткен шығындар, яғни бағдарламаның даналарын тек оны пайдалануға құқығын сатып алумен күрделі сипаттағы шығындар болып қарастырылмайды, өйткені материалдық емес актив құруға әкелмейді және инвестициялық салым болып табылмайды.

2-бөлімде 2-жолдың деректері 1-жолдан бөлініп көрсетіледі.

2-бөлімде 3-жолдың деректері 1-жолдан бөлініп көрсетіледі.

2, 3-бөлімдерде негізгі капиталға салынған инвестициялар және жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес өздері бағытталған экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлінеді. Осы ақпарат бөлімдердің бос жолдарында көрсетіледі.

5. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

6. Ескертпе: X – аталған позиция толтыруға жатпайды.

7. Арифметикалық-логикалық бақылау.

1) 2-бөлім:

1-баған = 2, 3, 5 - бағандардың S әрбір жол үшін;

1-жол = 1 және 2 кодтар мен толтырылған жолдардың S әрбір баған үшін пайдалану бағыттары бойынша барлық экономикалық қызмет түріне жатады

1.1 жол барлық экономикалық қызмет түріне = 1.1.1 - 1.1.2 жолдардың S әрбір баған үшін;

1.1.1 жол барлық экономикалық қызмет түріне = 1.1.1.1 - 1.1.1.3 жолдардың S әрбір баған үшін;

1.2 жол барлық экономикалық қызмет түріне = 1.2.1 - 1.2.9 жолдардың S әрбір баған үшін;

2 коды бар жолы барлық экономикалық қызмет түріне = 2.1 - 2.9 жолдардың S әрбір баған үшін;

2.9 жол барлық экономикалық қызмет түріне $\geq$ 2.9.1-бағанға әр бір жол үшін.

2.9.1 жол барлық экономикалық қызмет түріне $\geq$ 2.9.1.1-бағанға әр бір жол үшін.

"68.10.1" экономикалық қызмет түрі бойынша деректер $\geq$ 2-жолынан;

1-жол $\geq$ 2-жолдан әрбір баған үшін.

1-жол $\geq$ 3-жолдан әрбір баған үшін.

2) 3-бөлім "Жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру":

1-баған = 2, 3, 5-бағандардың S әрбір жол үшін;

1-жол = тиісті бағандар бойынша пайдалану бағыттары бойынша толтырылған жолдар S;

3) 2, 3-бөлімдерде:

3-баған деректері $\geq$ 4-бағаннан әрбір жол үшін;

5-баған деректері $\geq$ 6-бағаннан әрбір жол үшін.